


Бекітемін: 
 Мектеп меңгерушісі: М. Байгөбеков
 Басқабудан бастауыш мектебі КММ

Мектепалды даярлық сыныбының ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: Мектепалды даярлық сыныбының ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

№	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек айы 1.Ата – аналарды 2020– 2021 оқу-жылының жоспарымен таныстыру. «Кәнеки танысайық» 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы. 1. Жаңа оқу жылы басталды. Балалардың кун тәртібі, тазалығы. Келісім шарт толықтыру. 3. Баяндама: « мектепалды даярлық сыныбы және отбасы ынтымақтастығы » 4.Кенес: «Ата- аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес»	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат
2	Қазан айы 1. Ашық есік күнін ұйымдастыру. «Армысың Алтын күз» 2. "Күз – жомарт"	Берекелі Алтын күз мерекесіне көрме ұйымдастыру. Ашық есік күні: Кеңес « Балаларды қорғау»	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат
3	Қараша айы 1. «Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организмiне пайдалы жақтары» 3. «Өз балаңызды жақсы білесiңбе?»	Тұмау деген не? Кеңес: « Отбасы тәрбиесіндегі камқорлық мәселесі » Сауалнама жүргізу.	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат
4	Желтоқсан айы 1.«Балалар – біздің болашағымыз» 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы. I- жарты жылдық қортынды.	Ата-аналар жиналысы. 1-жарты жылдық есеп беру 2. Әр түрлі мәселелер 3. Баяндама:« Егер бала тұйық болса » 4.Кенес:«Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың психологиясының ерекшеліктері»	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат
5	Қаңтар айы 1. Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы.	« Менің отбасымдағы бақытым» фотосурет. Сауалнама жүргізу	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат
6	Ақпан айы 1. « Бала тәрбиесіндегі ата – ананың ролі » 2. «Тәрбие отбасынан басталады» Компьютерлік ойында ойнауды бала күніне 20 минуттан асырмауы тиіс	1.Ата-аналармен дөңгелек үстел 2.Кеңес: « Көзі нашар көретін балалар туралы ата – аналарға кеңес	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат

7	Наурыз 1.« 8-наурыз Аналар мерекесі » 2. « Тәрбие тірегі – халық мұрасы »	Ата-аналар жиналысы. 1.Көктем мерекелерімен құттықтау. 2. .Көрме: « Анашым! Мен сізді жақсы көремін!» 3.Кенес:«Баланы үлкен өмірге қадам басуға дайындау»	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат
8	Сәуір 1. «Бала дамуына керекті ойындар»	1. Кеңес: « Бала ойнап жүріп дамиды»	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат
9	Мамыр айы 1. Жылдық жоспар бойынша қорытынды. 2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.	Ата-аналар жиналысы. 1.Мамыр мерекелерімен құттықтау 2. Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау. 3.Баяндама « Мектеп –біздің екінші үйіміз» Ата-аналар комитетінің есебі.	Тәрбиеші: Ерзақ Сымбат

«Отбасы тәрбиесіндегі қамқорлық мәселесі»

кеңес

Орындаған: Ерзақ Сымбат

**2022-2023 оқу жылына арналған
Ата – аналармен
өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.
МАД тобы**

Отбасы тәрбиесіндегі қамқорлық мәселесі

кеңес

Отбасы-адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатыр. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады. Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарау, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың адамдармен қарым-қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Сондай-ақ, отбасының баланың дамуы мен қалыптасуы процесіндегі рөлі де ерекше. Отбасында тұрмыстың белгілі жағдайлары жасалады, мәдени орта қалыптасады, сезімдік күйлер орнығады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аласың» дегендей бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп,

оған қойылатын талаптарда күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлық қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізгісі мектепке дейінгі жаста қаланады. Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасында ең жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Анасы баласына әкесін өз әрекеттері арқылы қуанытып, сыйлап құрметтеуді, оның жұмысын жеңілдетіп, оған қолқанат болып жүруін талап етіп түсіндіріп отырады. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті, өзара түсіністікте болса, одан адамгершілік пен әділеттің көрінісі айқын сезіліп тұрады. Отбасының бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бір-біріне деген қамқорлығынан, тіпті бірегей саяси көзқарасты ұстануын, соған орай ерлі-зайыптылық және ата-аналық сезімін терең түсіне білулерінен байқалады.

Отбасының негізгі міндеті-баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттердің бәрі негізінен отбасы-ошақ қасында қалыптасып нығаяды. Мұнда әсіресе, отбасындағы ересек адамдар өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойында осындай сезімдерді қалыптастырады.

Өз ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата-аналарды да құрметтей біледі, қашан да үлкендер алдында өзін дұрыс ұстап, құрмет пен қамқорлық таныта біледі.

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі Чехтің ұлы педагогі Ян Амос Каменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп, қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсіністіктерін отбасында алып, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады.

Орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинский баланы дұрыс тәрбиелеу туралы былай деп жазады: «Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының қалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек».

Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес, ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ашқан бөбек тәрбиесін бесіктен бастаған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін

ұйымдастыруға кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10 сөзінде: «Әуелі баланды өзің алдайсың: эне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста баланды алдағаныңа мәз боласың. Соңынан балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды. Қазақ ағартушысы С.Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы семьяда тәрбиелеу» деген еңбегінде ата-аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді.

Ұзақ жылдар бойы отбасы тәрбиесі баланы тәрбиелеудің бірден-бір формасы болып келеді. Қазіргі қоғамда отбасы баланың шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап өмірінің соңына дейін тәрбиелік ықпал ететін негізгі ошақ болып отыр. Әрине, әркім баласын жаман болсын демейді, оның тәрбиелі, білімді, әрі еңбек сүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен қызмет иесі болса екен деп тілейді. Жақсы тілек пен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын ата-ананың өзі. Балаға дүниеге келісімен көп көңіл ауларып, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей оның өнегелі қасиеттерін отбасында қалыптастырған жөн. Баламызды мектепке жіберіп, мектеп тәрбие береді, білім береді деп бар ауыртпалықты мұғалім, тәрбиешілерге салып қойғанымыз жеткіліксіз. Баланы мектепке берген соң ата-ана мұғалім, тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс. Еліміздің өркендеуі, дамуы, болашағы қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан-жақты білімді болуына көп байланысты. Кейбір ата-аналар жұмыстан шаршап келгенін сылтауратып, баласының тәрбиесіне 30 минутта көңіл аударуға уақыт бөле алмайды, немесе тәрбие ісімен айналысуға ерінеді. Осыдан үлкен қателік туады. Баланың күнделікті өмірінде бір әрекетін ата-ана ескерусіз қалдырмағаны жөн. Жақсы нәрсесін мақтап, білмегенін айтып түсіндіріп, үйретіп отыру көп жетістікке қол жеткізеді. Айталық, ата-ана өзінің алдына мына төмендегідей мақсат қойып, оның жүзеге асуына мән беретін болса, сөз жоқ, ұрпағының тәрбиелі, өнегелі, білімді болып өсуіне жол ашады.

1. Мектептен келген баланың көңіл күйін сұрау, бүгінгі тәртібіне өзіне-өзінің баға беруіне үйрету.
2. Балаға өз қателігін түсінуге мүмкіндік жасау.
3. Баланың жақсы мінез, іс-әрекетіне назар аударып, көңіл күйін көтеру.
4. Ата-ана өзін-өзі ұстай білу, бақылай білу.

5. Балаға дауыс көтеріп, жазалауға асықпай, оны түсінуге тырысу.

6. Баласының тілін түсініп, онымен сырлас, дос болуға тырысу және оның ой-идеясына көңіл бөлу.

7. Өз баласын басқа балалармен салыстырмай, дұрыс тәрбие беріп, мінез-кұлқын, іс-әрекетін, қателігін түсінуге мүмкіндік жасау.

8. Оның психо-физиологиялық даму дәрежесіне, адамгершілік эстетикалық қалыптасуына, жан-жақты жетілуіне көңіл бөлу.

9. Оның шығармашылық қабілетін, ақыл-ой сезімін бағалай білу.

10. Оның талап тілегіне тежеу жасамай, еркіндік беріп, дүниеге, өмірге деген көзқарасын бақылай білу.

Отбасы және мектеп ынтымақтастығы.

Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондықтан ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе боп отыр. Ата – анамен мен мектеп ынтымақтастығы, баланы оқыту мен тәрбиелеудегі – баршаның ісі. Отбасының да, мектептің де мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі; көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жанар, ана көрген тон пішер» дегенде осының айғағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе ұядан ұшқанда да сол өнеге – өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Ғабиден Мұстафин айтқандай «ата – ана қадірін білген бала халық қадірін білер, халық қадірін білген бала ата – ананың да қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін мәдениетін, өнерін, тілін қадірлеуді ата – ана және ұстаз боп үйрету керек». Ендеше «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші отбасы мектеп бірлесе ынтымақтаса отырып, оқу тәрбие жұмысын мақсатты жүргізсе, елдің, халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз еселі өтелері сөзсіз. Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез – келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да мектептің оқу – тәрбие жұмысында ата – аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі. Сол себепті біз ата – аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлеміз. Көздеген мақсатым: балабақшамен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. мектеп пен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты құру. Алдымызға қойған міндеттеріміз:

1. Ата – аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес беру.
2. Мектептегі іс – шараларға ата – аналарды қатыстыру.
3. Ата – аналарды мектеп өмірімен қызықтыру.
4. Үлгілі ата – аналарды насихаттау.
5. Ата – аналар бұрышын жасау.
6. Ата – аналармен біріге отырып құрылған оқу – тәрбие жоспарын жасау.
7. Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.
8. Күнделікті оқу – тәрбие жұмысына ата – аналарды тарту.

Олай болса бүгінде ата – ана мен балабақша бірлесе отырып, балаларды оқу мен тәрбиеге баулуда жаңа заманның тұлғасы етіп тәрбиелеп шығару үшін отбасымен балабақша бірлесе отырып ат салысайық.

Ата – ана баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, туған - туыс, Отан, Қазақстан деген ұғымдарды терең түсінгені, құрметтеп қарауға тәрбиелеу керек екенін ұғындыру.

Ата - ана жауапкершілігі бәрінен биік болмақ. Сондықтан ата - ана басты талапты өздеріне қойғандары жөн. Баланың тәрбие алуына қоғамнан өз орнын табуына жағдай жасауына әрбір ата – ана педагогикалық әдіс - тәсілдерге сүйенгені дұрыс.

«Ата- аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес»

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тындауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.

9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.

10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.

11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермеленіз.

12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.

13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де корқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың корқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.



«Егер бала тұйық болса»

санасында өз ісінің бәрібір қате болатынын, үлкендерге тек кедергімді тигіземін деген ой қалыптасады.

Кейбір ата-аналар баланың жағаласпауы үшін немесе уақыттарын амауы үшін тек материалдық жағын қамтамасыз етуге тырысады. Баланы тек әдемі, қызықты ойыншықтар сатып беріп, алдап отырады.

Міне, осыдан бала өз бөлмесінде тек ойыншықтармен ойнайды.

Ата-анасы үйде бола тұрса да бала олардың бар екенін елемейді. Өйткені

Олар баламен бірге емес, әркім өз ісімен шұғылданады. Осындайда ата-анаға деген сезім, махаббатта болмайды. Бала үшін өзінің қатарластарымен достасып ойнау өте маңызды. Егер бала бірден тіл табысып кетуге қысылса, оған көмектесуге тура келеді. Оны қолынан жетектеп балалардың ортасына барыңыз. Содан кейін балаңыздың атын айтып таныстырыңыз, олардың қандай ойын ойнап жатқанын, тағы бір жаңа қатысушы керек емеспе, соны сұраңыз. Әдетте сол балалардың арасынан жаңадан келген баланы ортаға тартатын бір бала табылады.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,

Бала үйдің – мерекесі.

Бұтағымен ағаш сымбатты,

Ұрпағымен адам қымбатты.

ала болсаң балғындай бол.

Айналаңа қорғандай бол» –

деген қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі

Тұйық болудың бірнеше себептері бар: Мәселен, ол мүмкін оның психологиялық ерекшелігіне, жан-дүнесінің нәзік келуі болып табылады. Егер бала тек жалғыз болғанды ұнататын бірақ берілген тапсырманы бұлжытпай орындайтын болса, үндемей өз ойын ішінде

Сақтап, сыртқа шығармаса, онда ол балаға дер кезінде көңіл бөлінуі керек. Осы кезде ата-ананың қатал болуы, дөрекі сөйлеуі, ұрысуы баланың өмірге деген көзқарасының дамуына әсер етіп, одан әрі жасқаншақ болып кетуі әбден мүмкін.

Тұйық болудың ең көп кездесетіні: жанұяда жалғыз өскен балаларда кездеседі. Ағасымен апайының болмай, амалсыз үйде ойнауы бала өмірінің дамуына әсер етеді.

Сонымен қатар ата-аналардың көзқарасына да байланысты. Егер,

Ата-ана туыстарымен онша араласпай, тек жағымсыз жағын естіретіні болса, онда баланың да туыстық көзқарасы бұрыс қалыптасады. Сондықтанда ата-ана көзқарасы, ойы үлкен әсер етіп отыратыны анық.

Тұйық болуға итермелейтін тағы бір себеп: ата-аналардың іс-әрекеті.

Ата-аналардың іс-әрекеті. Сіз балаңызға көп уақытыңызды бөлесіз бе?

Егер балаңыз өз қолымен әдемі сурет салса немесе кесте тігіп, өте қуанышты көңілмен әкеліп ұсынса, ал сіз болсаңыз жай ғана көзіңіздің қырын салып қарай алдай салдыңыз делік. Бұнда өз ойыңызды қоспай, шын пейілмен мақтаса баланың алға деген ынтасы туындайды. Немесе сіз балаңыздың тек жаман қылықтарын ғана айтып, мақтамай бетіне басатын болсаңыз бала төмендеуі мүмкін.

Психологтардың айтуы бойынша тұйықтықты олардың салған суреттерінен де байқауға болады. Бұл тәжірибені 4 жастан салғызуға болады.

Бала өзін ақ бетке қалай салады?

Егер ол өзін өте үлкен қылып салса, онда ол еркеліктің белгісі.

Керісінше, үйде үлкені бола тұра өзін кішкене қылып салса, онда ол өз орнын маңызды деп санамауы. Егер өзін анасынан не әкесінен алшақ қылып салса, онда ол мүмкін әке-шешесінің көп көңіл аудармауы.

Егер ата-ананың жұмысы көп болып, балаға деген көңілінің болмауы немесе істеген ісінің жемісін көрмеуі, жақтырмай немғұрайлы қарай салу; Бала

зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана – баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке танытады.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе? Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады. Сонғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында: «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар.

Қазақстан Республикасының Ата Заңында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» -делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» – делініп, ұрпақ тағдыры айтылады. Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өзіне мейірімді, еңбеккор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатынына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «Бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді» – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:

«Отбасы –шағын мемлекет,

Мен – президент, сен – премьер» – дегені бар.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибиесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибиесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен

тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың камқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарын алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолдануы ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнермен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан –

Өле-өлгенше соны таныр киядан.

Өнер – білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан,

Жақсы-жаман болса, бала – соларда» – деп ХІ ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған қарай бағыт-бағдар тәрбие берудің маңызы ерекше.

Отбасындағы тәрбиенің кереметі – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды. Ежелгі Рим философы Гораций айтқандай: «Өмір еңбексіз ештеңе бермейді.» Сондықтан: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қатынаста әдеп-инабат, адалдық пен акпейілдік үстем бола алады. Бүгінгі таңда ата-анасы қасында болса да қадір-қасиетіне жете алмай, ұлдарымыз маскүнемдік пен нашакорлыққа бой алдырып, қыздарымыз шылым шегіп, жеңіл жүрістерге түсуі отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы.

Шариғатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Ойткені: «Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат» Бұл ғажайып құдайшылдық анықтаманы жадыда ұстау былай тұрсын, әр үйдің мандайшасына іліп қою тұрарлық. Баланы өздігінен өмір сүруге мүлде қабілетсіз нәресте кезінен бастап бақытты балалық шақ, жеке шаңырақ көтергенге дейінгі жастық жолдары өтетін отбасын бақытты жағалауын бетке алып, өмір – айдынында жүзіп бара жатқан қайыққа теңесек, оның қос ескегі – әке мен ана дер едік.



« Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі »

Бала тәрбиесіндегі халық мұрасының орны

Ерте заманнан бері еңбек сүйгіш, қайырымды, саналы ұрпақ тәрбиелеу азаматтың асыл парызы саналған. Сөйтіп, ата-бабамыз өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпақты адалдыққа, әділдікке, үндеп отырған. Ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, күнделікті тұрмыс пен өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрлеріміз педогогикалық әдіс-тәсіл ретінде пайдаланылған.

Қазақ халқының бала тәрбиесі жөнінде ежелден қалыптасып жинақтаған мол тәжірибесі бар. Оны ата-бабамыз заман, қоғам талабына сай жақсы қасиеттермен толықтырып, ұл-қыздарының бойына сіңіріп отырған.

Тәрбие тірегі – халық мұрасы. Өйткені халықтық педогогика – ұлт өкілдерінің, әдебиеттің, мәдениетінің, музыкасы мен зергерлік шеберлігінің ежелден жинақталған, толығынан сақталған келер ұрпаққа қалдырған бай қазынасы. Осыны төкпей-шашпай жас ұрпаққа жеткізу, оның нәтижелік жағынан ойына ұялатып зерделікке, адалдыққа, ізеттілікке, мейрімділікке баулу – бүгінгі күннің міндеті.

Осыған орай, ересек топтағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттық мәдениетіміз бен салтдәстүрлерімізді жаңғыртуды одан әрі жалғастыру мақсатында біршама шаралар іске асырылатынын айтуға болады. Жыл басы «Наурыз» мерекесін үлкен даярлықпен өткізу бүгінде дәстүрге айналып отыр. Бұл мерекеде ұлттық билер, әндер, халықтың аңыз-ертегілерін сахналау балалардың төл мәдениетіне деген ықылас-ынтасын арттырады. Бұл, сөз жоқ, өз ұлтын, халқын, елін, жерін сүйетін азаматтыққа тәрбиелеудің алғашқы қадамы.

Мектеп тәрбиеленушілерінің көз алдында әдет-ғұрып, салт-дәстүр бұрыштары, киіз үй оның жабдыктары ыдыс-аяқтар, киімдер ер-тұрмандар тұрақты тұратын болса, күнделікті ойын-сабақ кезінде осы аталған бұйымдармен жеке танысып, олардың қалай аталатынын білуге, не үшін қажеттігі жайындағы ұғымдарының кеңейуіне ықпал етеді. Ұлттық сезімдері оянып, оған құмартатын болады. Мысалы: «Қымызхана», «Шайхана», «Орамал тастамақ», «Бесікке бөлеу», «Тұсау кесу», «Асық ату» т.б. ойындары ұйымдастырылса нұр үстінен нұр болар еді. Қазақ халқы өлең, мақал-мәтел, жұмбақ шешу арқылы күнделікті тұрмыс салтын, айналадағы тіршілік жайын сипаттап айту арқылы баланың қиялын қанаттандырып, ойын өрістетіп отырған. Ауыз әдебиеті үлгісімен жасалған ойындар жас бүлдіршіндердің дене құрылысының дамуына, тіл ұстартуына, ой өрісінің кеңейуіне, тапқырлыққа, мейірімділікке үйретеді. Сондай-ақ олардың санасында ұжымдық, достық сезімдер қалыптасады.

Ендеше халық мұрасымен тәрбиелеу – отбасы тәрбиесі мен қоғамдық тәрбиенің бір тұтастығын қамтамасыз етеді.



« Тәрбие тірегі – халық мұрасы »